

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — ҚМГ, Компания) Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

83,5 млн тонна
мұнай тасымалы

9 091 км
Магистралды мұнай
құбырының жалпы ұзындығы



АКЦИОНЕРЛЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰК
АҚ акционерлері, %



67,42

«Самұрық-Қазына» ұлттық
әл-ауқат қоры

20

Қазақстан Республикасының
Ұлттық банкі

9,58

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық банкі

3

КASE және AIX
биржаларындағы еркін
айналымы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) — 67,42 %, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – 20 %, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – 9,58 %, KASE мен AIX биржаларында еркін айналымдағы акциялар саны – 3 %.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиесілі акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының сенімгерлік басқаруына берілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ – тәуелсіз қор, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаржы саласындағы, соның ішінде заңнамада көзделген шегінде, салааралық үйлестіруге басшылық етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) – Қазақстан Республикасының орталық банкі және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ұлттық Банк өз құзыреті аясында халықаралық банктер мен өзге де қаржы-кредит ұйымдарында басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынас орнатқан кезде Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.